**Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 27 қарашадағы № 237 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 11 шілдедегі № 82 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы Шарттың 51-бабының 1-тармағы 11 және 12-тармақшаларына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 2 қосымшаның 7-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 27 қарашадағы "Ерікті негізде қолдану нәтижесінде Кеден одағының "Парфюмерлік-косметикалық өнімдердің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламенті (КО ТР 009/2011) талаптарын сақтау қамтамасыз етілетін мемлекетаралық стандарттарды, сондай-ақ зерттеулер (сынақтар) мен өлшеулердің қағидалары мен әдістерін, соның ішінде Кеден одағының "Парфюмерлік-косметикалық өнімдердің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламенті (КО ТР 009/2011) талаптарын қолдану мен орындау және өнімнің сәйкестілігін бағалауды (растауды) жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу (өзгерістер енгізу, қайта қарау) жөніндегі бағдарлама туралы" № 237 шешіміне өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының Төрағасы* *Т. Саркисян*

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2017 жылғы 11 шілдедегі
№ 82 шешіміне
ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 27 қарашадағы № 237 шешіміне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР**

1. Атауында және 1-тармақта "өнімнің сәйкестігін (растау)" деген сөздер "техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы Шешіммен бекітілген Ерікті негізде қолдану нәтижесінде Кеден одағының "Парфюмерлік-косметикалық өнімдердің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламенті (

КО ТР 009/2011) талаптарын сақтау қамтамасыз етілетін мемлекетаралық стандарттарды, сондай-ақ зерттеулер (сынақтар) мен өлшеулердің қағидалары мен әдістерін, соның ішінде Кеден одағының "Парфюмерлік-косметикалық өнімдердің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламенті (КО ТР 009/2011) талаптарын қолдану мен орындау және өнімнің сәйкестілігін бағалауды (растауды) жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу ( өзгерістер енгізу, қайта қарау) жөніндегі бағдарламада:

а) мынадай мазмұндағы 4151 – 4168 позициялармен толықтырылсын:

"

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **41[51]** | **71.100.70** | **Парфюмерлік - косметикалық өнім. Микробиология. Candida albicans анықтау. ISO 18416: 2015 негізінде МЕМСТ әзірлеу** | **5-баптың 4-тармағы** | **2017 жыл** | **2018 жыл** | **Беларусь Республикасы** |
| 41[52] | 71.100.70 | Парфюмерлік - косметикалық өнім. Микробиология. Escherichia coli анықтау. ISO 21150: 2015 негізінде МЕМСТ әзірлеу | 5-баптың 4-тармағы | 2017 жыл | 2018 жыл | Беларусь Республикасы |
| 41[53] | 71.100.70 | Парфюмерлік - косметикалық өнім. Микробиология. Көкіріңді таяқшаны анықтау ( Pseudomonas aeruginosa). ISO 22717: 2015 негізінде МЕМСТ әзірлеу | 5-баптың 4-тармағы | 2017 жыл | 2018 жыл | Беларусь Республикасы |
| | | Парфюмерлік - косметикалық | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 41[54] | 71.100.70 | өнім. Микробиология. Staphylococcus aureus анықтау. ISO 22718: 2015 негізінде МЕМСТ әзірлеу | 5-баптың 4-тармағы | 2017 жыл | 2018 жыл | Беларусь Республикасы |
| 41[55] | 71.100.70 | Парфюмерлік-косметикалық өнім. Микробиология бойынша ISO стандарттарын қолдану жөніндегі жетекші нұсқаулар. ISO/TR 19838:2016 негізінде МЕМСТ әзірлеу | 5-баптың 4-тармағы | 2018 жыл | 2019 жыл | Беларусь Республикасы |
| 41[56] | 71.100.70 | Табиғи және органикалық парфюмерлік-косметикалық өнім және ингредиенттер. Сәйкестендіру бойынша нұсқаулық және критерийлер. 1-бөлім. Ингредиенттерге арналған анықтама. ISO 16128-1: 2016 негізінде МЕМСТ әзірлеу | 6-баптың 4 және 5-тармақтары | 2018 жыл | 2019 жыл | Ресей Федерациясы |
| | | Эфир майлары. Буып-түюдің негізгі қағидалары, қажетті | 5-баптың | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 41[57] | 71.100.60 | жағдайлар жасау және сақтау. ISO/TS 210: 2014 негізінде МЕМСТ әзірлеу | 8 және 9-тармақтары | 2018 жыл | 2019 жыл | Ресей Федерациясы |
| 41[58] | 71.100.60 | Эфир майлары. Ыдыстарды этикеткалау және таңбалаудың негізгі қағидалары. ISO/TS 211: 2014 негізінде МЕМСТ әзірлеу | 5-баптың 9-тармағы | 2018 жыл | 2019 жыл | Ресей Федерациясы |
| 41[59] | 71.100.60 | Эфир майлары. Номенклатура. ISO 4720:2009 негізінде МЕМСТ әзірлеу | 2 және 3-баптар | 2018 жыл | 2019 жыл | Ресей Федерациясы |
| 41[60] | 71.100.60 | Эфир майлары. Номенклатура қағидаттары. ISO 3218:2014 негізінде МЕМСТ әзірлеу | 2 және 3-баптар | 2018 жыл | 2019 жыл | Ресей Федерациясы |
| 41[61] | 71.100.60 | Хош иісті табиғи шикізат. Терминдер мен анықтамалар. ISO 9235:2013 негізінде МЕМСТ әзірлеу | 3-бап | 2018 жыл | 2019 жыл | Ресей Федерациясы |
| 41[62] | 71.100.60 | Далматский шатыраштың эфир майы ( Salvia oficinalis L.). ISO 9909:1997 негізінде | 5-баптың 3 – 6, 8 және 9 -тармақтары | 2019 жыл | 2020 жыл | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | МЕМСТ әзірлеу | | | | Ресей Федерациясы |
| 41[63] | 71.100.60 | Иссоптың эфир майы ( Hyssop officinalis L. ssp. officinalis). Техникалық талаптар. ISO 9841:2013 негізінде МЕМСТ әзірлеу | 5-баптың 3 – 6, 8 және 9 -тармақтары | 2019 жыл | 2020 жыл | Ресей Федерациясы |
| 41[64] | 71.100.60 | Ащы фенхельдің эфир майы ( Foeniculum vulgare Mill. ssp. vulgare var. vulgare). Техникалық талаптар. ISO 17412: 2007 негізінде МЕМСТ әзірлеу | 5-баптың 3 – 6, 8 және 9 -тармақтары | 2019 жыл | 2020 жыл | Ресей Федерациясы |
| 41[65] | 71.100.60 | Кориандр жемістерінің эфир майы ( Coriandrum sativum L.). Техникалық талаптар. ISO 3516:1997 негізінде МЕМСТ әзірлеу | 5-баптың 3 – 6, 8 және 9 -тармақтары | 2019 жыл | 2020 жыл | Ресей Федерациясы |
| 41[66] | 71.100.60 | Эстрагондық эфир майы ( Artemisia dracunculus L. ). Техникалық талаптар. ISO 10115: 2013 негізінде МЕМСТ әзірлеу | 5-баптың 3 – 6, 8 және 9 -тармақтары | 2019 жыл | 2020 жыл | Ресей Федерациясы |
| 41[67] | 71.100.60 | Эфир майлары. Тотығу санын анықтау. | 5-баптың 2-тармағы, | 2018 жыл | 2019 жыл | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ISO 18321: 2015 негізінде МЕМСТ әзірлеу | 2-қосымша | | | Ресей Федерациясы |
| 41[68] | 71.100.70 | Парфюмерлік - косметикалық өнімдер. Метил, этил, н-пропилді және изопропилді спиртті анықтаудың газды хроматографиялық әдісі. МЕМСТ 29188.6-91 негізінде МЕМСТ әзірлеу | 5-баптың 2-тармағы | 2019 жыл | 2020 жыл | Ресей Федерациясы |

";

б) мынадай мазмұндағы 47-позициямен толықтырылсын:

"

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **47** | **71.100.70** | **Ауыз қуысы гигиенасының сұйық құралдары. Тістің қатты тіндерінің эрозиясын тудыру қабілетін бағалаудың скринингтік әдісі. ISO 28888: 2013 негізінде МЕМСТ әзірлеу** | **5-баптың 6.1.3-тармағы** | **2017 жыл** | **2018 жыл** | **Беларусь Республикасы** |

".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК